



AKURAT

AKURAT





Лаура ДӘУРЕНБЕКОВА,
филология ғылымдарының
кандидаты

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ КОМПАРАТИВИСТИКАНЫҢ ДАМУ БАҒЫТЫ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бері көркем аударма мәселелері әдеби компаративистика аясында қарастырылып келеді. Әдеби аударматану — аударманың қалыптасуы мен өркендеуіне, зерттелуіне, әдеби амалдардың қолданысына, түпнұсқаны өзге тілге аудару поэтикасына назар салады. Аударма мәтінінің түпнұсқамен сәйкестігін салыстыру әдісі арқылы пайымдап, барлап-байқаудан туған қағидаларды ғылыми негізге сүйеніп қорыту да аударматанудың негізгі міндетіне жатады.

Соңғы жылдары аударма және оның тарихы, теориясы мен тәжірибесі жайында көптеген ғылыми жұмыстар қорғалды. Ең бастысы, тың ізденістердің нәтижесінде қазақтың өткен ғасырдағы тәржімешілерінің өмірі мен әдеби жұмыстары бүгінгі күн талғам-таразысы тұрғысынан бағаланып, көркем аударма әдебиеттердің ішкі байланысын жақындастыра түсетін маңызды сала екені ғылыми тұрғыда дәлелденуде.

Онда көркем аударманың өзекті мәселелеріне тоқталып, қазақ прозасын орыс тіліне, орыс прозасын қазақ тіліне, ағылшын, неміс тілінен аударудың өзекті мәселелеріне арналған еңбектер көптеп көрініс тапты. Мәселен, ағылшын тілді әдебиеттен аударылған өңгімелер алғаш рет Г. Түсіпованың кандидаттық диссертациясында М. Твен, О. Генри, С. Мюэм, Дж. Лондон секілді авторлардың стильдік ерекшеліктері түпнұсқадан талданып, оларды қазақ тіліне аударудағы әдіс-тәсілдер толыққанды көрсетілді. Ал, Г. Хошаеваның «Ағылшын детективтерін қазақ тіліне аудару үлгілері» атты зерттеу еңбегінде А. Кристи, К. Дойл шығармаларының қазақ халқына аударма арқылы жеткізуге үлес қосқан Ә. Ахметов, А. Тәжуытов, Т. Көкішев, Қ. Орманбаевалардың аударма жасаудағы жетістіктері мен кемшіліктеріне талдаулар жасалынған. Ал, Е. Солтанаеваның «XX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ-орыс әдеби байланыстары» атты диссертациялық жұмысында қазақ-орыс әдеби байланыстарының жеке-леген факторларды қарастыра келе, оны жеке тұлғаның, жекелеген зерттеушілердің шығармашылығында ғана емес, жалпы XX ғасырдың соңғы ширегіндегі мәдени, әдеби, көркем аударма мәселелері



Лаура ДӘУРЕНБЕКОВА — филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы» кафедрасында аға оқытушы болып қызмет атқарады.



төңірегінде кеңінен қамтылған. Д. Дүйсебаевтың «М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының парсы тіліне аударылуы» атты кандидаттық диссертациясында М. Әуезов қаламынан туған құнарлы, орамды ойлардың парсы тіліне аударылу тәсілдеріне сараптама жасалынған. Сондай-ақ, неміс прозасының қазақ тіліне аударылуы жөнінде Б. Дуанинаның, жыраулар поэзиясының аудармасы жөнінде Қ. Жанабаевтың зерттеулерінде де аударма мәтінінің табиғатына қатысты орнықты көзқарастар бар. Бұл еңбектердің қай-қайсысын алсақ та, түпнұсқа мәтіннен аудару жолдары ғылыми тұрғыда қарастырылып, көркем аудармаларға әдебиеттану тұрғысынан талдаулар жасалынған.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетіндегі әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы да әдеби аударманы зерттеу ісіне баса назар аударып келеді. Аталмыш кафедра магистранттары, студенттері аударма теориясынан, аударматанудан білім алумен қатар, аударма жасауға, аударылған көркем шығармаларды зерттеуге машықтанады. Болашақ аудармашыларға көмекші құрал ретінде оқу құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар да жарық көруде. Мәселен, филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Есембековтің «Көркем мәтінді талдау негіздері» атты еңбегінде әдеби шығарманы бағалаудың жолдарымен қатар, көркем мәтінді аударудың жалпы филологиялық негіздері жүйелі түрде қарастырылған. Аударма жұмысымен айналысудың қыр-сыры, оның қиындығы мен пайдалы жақтары аудармашы таланты, аудармадағы түйсік, аударма этикасы мен эстетикасы филология ғылымдарының докторы, доцент Ә. Тарақовтың «Аударма психологиясы және мәдениеті» атты кітабында зерделенген. Аталмыш автордың «Аударма әлемі», «Ауызша аударма» атты оқу құралдарында да көркем аударма теориясы, көркем аударманың жанрлық түрлері талданады. Сондай-ақ, автор ТМД елдеріндегі аударматану ғылымын қарастыра келе, аударма зерттеушілерінің дәйекті ой-пікірлерін талдап, қазақ аударматанушыларының аудармадағы тұжырымдары салыстыра сарапталады. Филология ғылымдарының кандидаты Г. Қазыбекованың «Көркем аударма тәжірибесі», «Аударматануға кіріспе» атты оқу құралдарында да аударманың теориялық негіздері, бір тілде жазылған шығарманың өлемдік рухани қазынаға айналу кезеңдері қамтылып, көркем аударманың жетістіктері мен кемшіліктері сұрыпталады. Филология ғылымдарының кандидаты Л. Мұсалының «Аудармашының кәсіби машығы» атты әдістемелік құралы түпнұсқаны жеделдете аударуға машықтандыратын жаттығулармен қамтылған. Кафедра меңгерушісі, профессор Ж. Дәдебаевтың басшылығымен жарық көрген «Таңдаулы дәрістер» атты жинақта да кафедра оқытушыларының таңдаулы дәріс материалдары енгізілген. Онда аударматану ғылымының теория-

сы мен әдістемесі, әдеби байланыстар, көркем аударманы талдау мен бағалаудың өзекті мәселелеріне назар аударылады. Сондай-ақ, көркем аударма мәселелері аталмыш кафедра жыл сайын ұйымдастыратын «Аударма теориясы мен тәжірибесінің және салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында да айтылып келеді. Онда аударма теориясының келелі мәселелері талқыланып, аударматану ғылымында көркем аудармаға қатысты ой тұжырымдар жүйеленіп, талданады. Рас, қазақ аударматану ғылымының тәжірибесінде көркем аударманы аударудағы аудармашы шеберлігі туралы зерттеу еңбектердің біршама бар екендігі мәлім, бірақ, аударма сыншыларының еңбектері туралы кешенді талдаулардың аздығы көңіл құлазытады. Десек те, көркем аударма теориясына қатысты болып өткен аталмыш конференцияларда, көтерілген мәселелер біздің еліміздегі белгілі ғалымдарымызбен қаламгерлерімізді бей-жай қалдырмас.

Жалпы аударма тарихында аударылған шығармаларды қай тұрғыдан зерттеу керек, тілдік пе, әлде әдебиеттану тұрғысынан қарастыру керек пе? – деген даулы мәселелер бар. Оны тек тіл ғылымының тұрғысынан, яғни әр тілдің лексикалық, грамматикалық және стилистикалық заңдылықтарын айыру, аудармада солардың қайсысының қалай жүйелесетінін анықтау – аударма теориясының басты міндеті деушілер болды. Бұған қарама-қарсы, аударманы тек қана «әдебиеттану тұрғысынан қарау керек» деген пікірлер де айтылды. М. Әуезов «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» атты мақаласында: «Аударма теориясын жекелеп, жіктеп қарастырғанда, кейінгі кезде біздің одақ көлеміндегі әдебиетте екі түрлі өзгеше бейім барлығы анықталды, бірі – аударма тіл зерттеу ғылымының ауқымына енетін сала болғандықтан, аударма ісінің мәнісін ұғына отырып, бұл мәселені лингвистикалық әдіспен зерттеу жағына қарай тартады, екіншісі – біздіңше, дұрыс бейім, – аударманы сөз өнерінің бір түрі деп ұғынады да, эстетикалық принциптерді, көркемдік таразыны алғы талапқа қояды, сондықтан бұл бейім аударманы әдебиеттану теориясы зерттейтін объект деп қарайды» [1, 65-6]. – деп көрсетеді. Демек, М. Әуезов аударманы сөз өнерінің бір түрі деп қарап, оны әдебиеттану тұрғысынан зерттеуді бірінші кезекке қою керек деген пікірді ұстанды.

Ал, орыс аударма тарихында А. Федоров, Я. Рецкер, Л. Бархударовтар аударманы тіл ғылымының объектісі деп қарастыруды ұсынған. Мәселен, А. Федоров аударма мәселелерін лингвистикалық тұрғыдан талдай отырып, «Филологиялық ғылымның арнайы бір саласы ретінде аударма теориясы ең алдымен лингвистикалық пән болып табылады» [2, 9-6]. – десе, А. Смирнов, И. Кашкингердің еңбектерінде аударма әдебиеттану тұрғысынан қарастырылады. Келесі бір үшінші топ аударманы

● **Таным**

өз алдына бөлек сала ретінде көрсетеді. Мәселен, Г. Гачечиладзе: «Аударма теориясы лингвистика мен әдебиеттану ғылымының аралығында тұрған, өзіндік орны бар өзгеше ғылым» [3, 65-б.], – деп атап айтады. Мұндай пікір қазақ аударматануында да кездеседі. Ө. Айтбаев: «...біздің ойымызша, көркем аударма әдебиет пен тіл қағидаларынсыз дами, өркендей алмақ емес» [4, 45-б.], – деп те, Г. Гачечиладзениң пікіріне қосылатынын айтады. Профессор Б. Парин: «Филология мен стилистика сияқты аударма теориясын да лингвистика мен әдебиеттанудың әдіс-тәсілдерінің бірлігінсіз елестету қиын» [5, 10-б.], – дейді. Әрине, әрбір әдеби шығарманың тіл зерттеу ғылымына да, әдебиеттану ғылымына да объект бола алатыны сияқты, көркем аударма туындысында тілдік, әдебиет теориясы тұрғысынан да зерттеуге болады. Сондықтан да, аударма теориясы лингвистикалық аударматану, әдеби аударматану деп екіге бөлініп қарастырылады. Лингвистикалық аударматану – тіл біліміндегі лексикология, лексикография, семасиология салалары арқылы мәтін талдау, мәтіннің грамматикалық-синтаксистік құрылымын анықтау, сөз біріктіру амалдары, қосымшалардың қызметі, көркем мәтін авторының, аудармашының сөз қолданысын т.б., айқындауды басты нысанаға алса, әдеби аударматану – мәтіндерді талдаудың әдеби стилистикалық әдіс-амалдары, түпнұсқа мен аударма мәтін арасындағы коммуникативтік, функционалдық қарым-қатынастарын айқындау, сәйкестік мәселелерін саралайды. Көркем мәтіндегі подтекст, контекст, метотекст, интертекст ұғымдарының қолданылу аясын да қарастырады. Сонымен, қазіргі кезде көркем аударма – әдеби компаративистиканың дербес саласы болып, қалыптасып келеді. Ең бастысы, аударма ісімен айналысушылардың жаңа қатары, аударма өнімдерін зерттеушілердің де жаңа буыны бар. Аударма өнері – әдеби байланыстың дәнекері болғандықтан, аудармашылар мен компаративистер алдында көркем аударманы дамыту проблемасы қашанда тұруы қажет.